

**Әл-Фарабидің  
туғанына 1150 жыл**





**ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ**  
**(870-950 ж.ж.)**

# ӨМІРБАЯНЫ

---

*Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы бүгінде Отырар аталатын, Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб қаласында дүниеге келді (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Отырар қаласының маңайындағы ортағасырлық қала).*

# НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

- *Ғылым үйренем деген адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек-мақсаты ақиқат пен әділдік үшін талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек.*
- *Бақыттың мәні — парасаттылықта, әркімнің өз алдында игілікті мақсат қоя білуінде... адамның өз мінез-құлқын , іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағаттап отыруында.*
- *Ақыл-парасат күші адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш.*

- *Ғылым адам санасына болмысы бөлек, ерекше ұтырлы ұғымдарды орнықтыру арқылы ғана терең ұялайды.*
  
- *Өз ісіңнің білгірі һәм шебері атану үшін жақсы жұмыс істеп, жетік білуге ұмтылу керек. Қандай әрекет жасап, қандай іс істер болсаңыз да – игілігін көріп, рахатына бөленуді мақсат тұтқан жөн.*
  
- *Білім жолына түскен жан күнделікті күйбең, тіршілікті ойламауы қажет.*
  
- *Қандай ғылым болса да, ол — адам санасына дербес, ерекше мәндерді ұғыну арқылы ұялайды.*
  
- *Шын білім – ақиқат, анық білім.*

- *Өрге жүзген өнегелі ісімен,  
Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен.*
  - *Мінсіз дос іздеген доссыз қалады.*
  - *Жүргендер көп достық атын малданып,  
Қалмағайсың сен де бірде алданып.*
  - *Тәрбиесіз алынған білім – адамзаттың қас жауы.*
  - *Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді.*
  - *Білімді болу деген – жаңалық ашуға қабілетті болу.*
- 
- *Мінез – жанның айнасы.*